



## Цифрландыру және жасанды интеллект жылын жариялау туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 6 қаңтардағы № 1151 Жарлығы.

Цифрландыруды одан әрі дамыту және жасанды интеллектіні жаппай ендіру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2026 жыл Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялансын.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Цифрландыру және жасанды интеллект жылын өткізу бойынша қажетті шараларды қабылдасын.
3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.
4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Қ.Тоқаев*